

050040, Алматы қаласы, Марков 47 Б.
Тел/факс: (727)260-86-13, (727)260-59-90
zerdee@mail.ru 12.05.2023г

050040, город Алматы, Марков 47 Б.

Бұйрық № 11

01.09.2023 жыл

Алматы қаласы

«Мектеп әкімшілігі, мұғалімдер және кіші қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту» туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5750 болып енгізілді "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 34) тармақшасын іске асыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

Педагог-психолог Индира Ескендировна Хадырбаеваның
Лауазымдық міндеттері

- Білім алушылардың психикалық және әлеуметтік амандығын сақтауға бағытталған кәсіптік қызметін жүзеге асырады.
- Білім алушылардың жеке тұлғасы мен әлеуметтік мәселелерін шешуге педагогикалық ұжымын бағдарлау мақсатында психология-педагогикалық қорытынды шығарады және оны талдайды.
- Білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, білім беру қызметінің дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлауға және әзірлеуге қатысады.
- Білім алушыларға психологиялық қолдау көрсетуді жүзеге асырады, өмірлік және кәсіптік тағдырын өзі шешу де әртүрлі жағдайларда бағдарлануға олардың дайын болуын дамытуға жәрдем етеді.
- Әлеуметтік дизадаптацияның пайда болуын алдын алу іс-шараларын жүзеге асырады, психологиялық көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдайды (психокоррекциялық, сауықтыру және консультациялық).
- Психологияны практикалық қолдану мәселелері жөнінде педагогтарға кеңес береді, педагогтардың, ата-аналардың әлеуметтік-психологиялық құзыретін арттыруға жәрдем етеді.

- Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді. Техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғау талаптарын орындайды.
- Есептілік құжаттамаларды белгіленген нысан бойынша жүргізеді.
- Педагог-психолог өзінің компетенциясына жататын жұмыстардың шекарасынан аспау керек, өзінің режиміне жатпайтын жұмыстарды мойнына алмау орындауға қазіргі заманға сай психологиялық білім және практика жүзінде дәлелденбеген іс-әрекеттерге бармау, басқа мамандардың ісіне араласпау.
- Практикалық психологиялық, балалар және педагогикалық психологиялық, жалпы алғанда психология ғылымының жаңа жетістіктермен үнемі таныс болу.
- Өзінің кәсіби білім дәрежесін көтере отырып, оқушылар арасындағы диагностикалық жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми әдістерін меңгеру.
- Педагог-психолог өзінің қызмет барысында мектеп әкімшілігімен жоспарға сай жұмыстарды ұйымдастырып, мектеп басшылығының тапсырмалары мен жарлықтарын орындауға міндетті. Егер де бұл тапсырмалар мен жарлықтар психология ғылыми практикасына кедергі болмайтын болса;
- Мамандыққа сай құпиялықты сақтау, балалар арасында жүргізілетін түрлі диагностикалық және кеңес беру жұмыстарының нәтижесінде анықтама жайттардың басқаларға айтылмауын өте мұқият қадағалау.
- Оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына кедергі болатын факторларды анықтау және түрлі психологиялық /коррекциялық, бейімдеу, кеңес беру/ көмек беру.
- Оқушылар мен ата-аналарға /олардың орынындағы адамдарға/, педагогикалық ұжымға нақты туындаған мәселелер жөнінде көмек көрсету.
- Әр деңгейлі және көп бағытты диагностикалауды жүргізу.
- Кәсіби мамандығына байланысты бекітілген үлгідегі құжаттарды жүргізу және оны тек кәсіби қызметінде қолдану.
- Дарынды балаларды анықтау, оларға психологиялық қолдау көрсету, дамуына көмек көрсету.
- Еңбек қауіпсіздігі нормалары мен ережелерін, техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі ережелерін орындау.
- Білім беру үрдісін жақсарту мен сауықтыру жөнінде ұсыныстар беру.
- Мектеп әкімшілігі өткізетін барлық педагогикалық кеңестер мен мәжілістерге қатысу.
- Педагогтың қоғамдағы дәрежесіне сай келетіндей қоғамдық орындарда, мектеп тұрмыс жағдайында өзін-өзі ұстаудың этикалық нормаларын сақтау.

Білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарын;
- педагогика және психология теориясын;
- жастық физиологиясын, гигиенасын;
- белсенді оқытудың әдістерін;
- қарым-қатынастың элеуметтік-психологиялық тренингісін;
- оқу жоспарлары мен бағдарламаларын;
- педагогтік ғылымның дамуы мен жетістіктерінің негізгі бағыттарын;
- экономика, еңбек туралы заңнамалар негіздерін;
- еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

